- Балалар біздің тобымызда қандай ойыншықтар бар деп, ойыншықтарды қарауға ұсыныс жасалады. Ойыншықтарды атап, топтастырайық.

2. Ғажайып сәт:

Бізге қонаққа қоян мен қонжық келді.

Қоян мен қонжық балалармен амандасады.

3. Суретпен жұмыс:

Қоян мен қонжық жабайы жануарлар. Олар орманда мекендейді. Аңдарды қыстың қатты үскірік аяздарынан жылы үлпілдеген жүні, індері мен апандары қорғайды.

Аңдар азықтарын орманнан тауып жейді.

- Қоянның құлағы, аяқтары, денесі қандай?

- Түсі қандай?

Қоянның баласын не дейміз?

Мынау - қонжық. Ол - аюдың баласы.

- Қонжықтың түсі қандай? - Қонжық қалай жүреді?

Сергіту сәті:

Қоянша секіріп, қонжықша қорбандап жүреді

Сызба кестеге қарайық. Мұнда қандай жануарлар берілген. Сөйлем құрастырайық.

«Ненің баласы екенін тап?» дидактикалық ойыны:

Үлестірмелі материалда берілген суреттен қоян мен аюды олардың балаларымен сәйкестендіреді.

- Балалар біз бүгін қандай орман мекендеушілерімен таныстық?

Сызба кесте бойынша оқу іс-әрекетін қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Біздің айналамыздағы жол белгілері

Мақсаты: Адам мен табиғаттың бір-біріне тіршілік ете алмайтыны туралы түсініктерін дамыту, адамның табиғатта тіршілік ететіні туралы мағлұмат беру.

Табиғатты өз үйіндей көру қажеттігі туралы түйсігін тәрбиелеу:

Оқу қызметінің барысы:

Балалар қандай дыбыстарды естідіңдер:

(құстың сайрағаны, желдің ,жаңбырдың дыбысы)

Бұл - табиғат дыбыстары.

Ал, табиғатқа нелер жатады?

Қанекей айналамызға қарайықшы,нелерді көріп тұрмыз?

(күн, бұлт, тау, су, өзен)

Күн не береді?

Күн бізге жылу ,жарық,сауле береді.

Бұлт болса жаңбыр жауады, қар жауады.

Енді міне суреттерге назар аударайық.

Не көріп тұрмыз.

(тас, су, тастар, құм, жануарлар, өсімдіктер)

Балалар табиғат екі түрге бөлінеді: өлі табиғат және тірі табиғат .

Өлі табиғатқа: тау, тас, су, топырақ,бұлт, жатады.

Тірі табиғатқа : адамдар, жан-жануарлар,ағаштар, өсімдіктер жатады.

Неге оларды тірі табиғат дейміз? Себебі олар өседі, қозғалады, қоректенеді, тыныс алады, көбейеді..

Үй жануарларымен жабайы аңдардың суреті.

Балалар үй жануарлары мен жабайы аңдардың түрлерін ажыратып ойын ойнап жіберейік..

Сергіту сәті:Орнымыздан тұрайық

Қанатымызды жазайық

Құс болып ұшайық

Бір отырып, бір тұрып.

Біз тынығып алайық.

Енді ,балалар мына өзенге назар аударайық.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы:Жер сілкінісі кезіндегі қауіп-қатер

Мақсаты : Жер сілкінісі кезінде үйде, көшеде, дұрыс әрекет етуге үйрету, қауіпсіз жерді табу.

Сөздік жұмыс : Дүмпул

Әдіс-тәсілдер : Ауызша баяндау, сұрақ –жауап, ойындар жүргіздім, теледидардан «Үш аюдың отбасы» мультфильмі көрсетілді,

аюлардың үйінің макеті жасалды, Қорғаубектің топта болуы, бала басына қол сөмке дайындалып ойынның керекті заттары пайдаланылды.

Оқу қызметінің барысы:

- Жақсылыққа құмармыз,
- Жақсы адам болып шығармыз
- Таза сәби жүректен,
- Қабылдаңыз мың алғыс.

Думпулді сезейік.

Аман-есен жүрейік.

Кауіпсіз жерді анықтап.

Тәртіпті ұлан болайық.

Балалар, төтенше апаттық жағдайға байланысты өтілеін, жаңа тақырыбымыз

«Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздігі деп аталады»

-Ең аладымен «Үш аюдың» отбасы деп аталатын мультфильмне назар аударайық.

---Балалар, мен сендердің не түсінгендеріңді байқайын.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Абайла, жол қиылысы!

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту. Ойын арқылы сабақтың мазмұнына қарай балалардың жолда жүру ережесі туралы алған білімдерін тиянақтау. Жол белгілерін айыра білу дағдысын қалыптастыру, есте сақтауға дағдыландыру.

Көрнекілік: Бағдаршам, аялдама жол белгілері, жедел әрделі машинасы жеңіл

көліктер автобус.

Оқу қызметінің барысы:

Ендеше далаға көз салайық ауа–райы қандай екен? Аспанда күн жарқырап тұр. Балалар таңертең балабақшаға келерде ауа–райы қандай болды? Не байқадыңдар?

- (балалар жауабы)

- Ал енді! Балалар, біз қандай елде тұрып жатырмыз?

Балалар: Қазақстанда

Тәрбиеші: Онда біз былай жасайық, қазір бәріміз автобусқа отырып қала көшелеріне саяхат жасайық. Бағдаршамен жол белгілерімен танысайық. Алдымен автобусқа отырмай тұрып, көлікке отыру ережесін қайталайық.

Балалар: Автобусқа артқы есіктен кіріп, алдыңғы есіктен шығу керек.

- Жасы үлкен немесе кішкентай бөпелі адамдарға орын береміз.

- Автобуста айқайлап сөйлеуге, қатты күлуге болмайды, ол әдепсіздікке жатады.

- Ашық есік, терезеден басын шығарып қолын созуға болмайды.

Тәрбиеші:

1. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды. Жаяу жүргіншілерге арналған жолдан өт.

2. Егер жолдан өтуге үлгермесең, орталық сызықта немесе «қауіпсіздік аялдмасында» тоқта да, бағдаршамның жасыл түсінің жануын күт..

3. Жолдан өтерде солға қара, ал бөлгіш жолақтан кейін оқға қара .

4. Жолдан бағдаршамның тек жасыл түсі жанғанда ғана өт.

5. Егер жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса, жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жүруге тиісті..

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Саябақта

Мақсаты: Балалардың күз мезгілі туралы түсінігін кеңейту . Балалның табиғатқадеген қызығушылығын арттыра отырып ,көргендерімен аңғарғандарын дұрыс жеткізе білу, байланыстырып сөйлеуге үйрету . Ойлау қабілеттерін дамытып ,жаңа сөздердің мағанасын түсіндіру . Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге , еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмысы: Суық , жел , ерте күз , қоңыр күз ,жаңбыр .

Оқу қызметінің барысы:

Бала . Ақұнанбаевтың «Күз» өлеңін оқиды .

Сұр бұлт , түсі суық , қаптайды аспан ,

Күз болып , дымқыл тұман жерді басқан . Білмеймін тойғаны ма , тоңғаны ма ,

Жылқы ойнап , бие қашқан, тай жарысқан .

Бұл қай кез туралы ?

Осы кезде топқа Күз ханшайымы келеді .Ол балаларды күзгі саябаққа шақырады.

Күз ханшайымының тапсырмалары

1. Бір жылда неше мезгіл бар ?

Неше ай бар бір жылда?

2 .Сендер күздің қандай белгілерін білесіңдер ?

Күз мезгілінде неше ай бар ?

Күз туралы тақпақ кім айтады ?

Ал күз ханшайымы саған ұнадыма?

3.Құстар қайда ұшып кетеді ? Қандай құстар қалады ?Кім құстарды қорғау туралы тақпақ айтады ?

«Құстар қалай ұшады?»ойыны .

Қарға ұшар қарқылдап , торғай ұшар шырылдап , Көгершін ұшар гуілдеп Құстар ұшып –қонады.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы:Абайла....!

Мақсаты:Балаларды бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға

жолда жүру ережелерін меңгерту,түстерді ажырата бөлуге үйрету. Баланы мұқият болуға

тәрбиелеу

Оқу қызметінің барысы:

- Балалар,сендермен жол тәртібі жайлы әңгімелесеміз.Тақтада сендер қандай пішінді көріп тұрсындар?

- Иә,балалар,дұрыс айтасыңдар,дөңгелек екен.Осы пішіндердің түстері бір-біріне ұқсайды ма?

Пішіндердің түсі- қызыл,жасыл,сары.Мен қазір сендерге сиқырлы жұмбақ жасырамын.

Жаяу жүргіншілерді жол апатынан сақтайды.

Көшенің арғы бетінен өткенде сақ болған жөн.

Бұл суретте әкесі мен баласы жолдан өтіп бара жатыр.Көшеде өту тәртібін сақтап

бағдаршамның жасыл түсі жанғанын күтіп тұр.Балалар,көшеде жол тәртібін

сақтамау-адам өміріне өте қауіпті.Жолды үлкендермен бірге кесіп өткен жөн.

Жолдан жүгіріп өтуге болмайды.Жолда өтер кезде алдымен сол жағына,содан соң оң жағына қарап,арнайы жаяу жүргіншілер жолымен өту керек.

Бағдаршамның өздерің білетін үш көзі бар.

Үш көзінің түсі үш түрлі.Біріншісі- қызыл.Екіншісі- сары.Үшіншісі- жасыл.

4.Сергіту сәті.

5.Ойын: «Бағдаршам».

Шарты: жүргізуші жасыл түсті көрсеткенде,балалар жүреді.Сарыны

көрсеткенде,алақандарын соғады.Қызылды көрсеткенде,тыныштық сақтайды.

6.Үлестірмелі материалдармен жұмыс.

Бағдаршамның түстерін ажыратып,бояу.

- Қызыл көзі жанғанда тоқтаймыз.

- Сары көзі жанғанда дайындаламыз.

- Жасыл көзі жанғанда жүреміз..

Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ қою арқылы балалардың меңгергендігін қорытындылау.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бағдаршамның атқаратын қызметін білді;

Игереді: бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдысын игерді;

Меңгереді: жолда жүру ережелерін меңгерді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Ит пен мысық- біздің кішкентай достарымыз **Мақсаты:** Үй жануарлары туралы түсінік беру,үй жануарларын ажыратып атай білуге,бізбен бірге тұратын үй жануарларының жағыдайын бақылауға үйрету.Үй жануарларымен өзін ұстау ережелерімен таныстыру, және жануарлар мен адамның арасында қандай қатынас болу керек екенін түсінуге жетелеу, тамақтандыру,ойнату, қорғауға үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

Жарайсыңдар балалар,сендер өздеріңнің бір-біріңмен жақсы дос екендеріңе сендіре білдіңдер.Біздің тағы да достарымыз бар оны сендер кешегі серуен кезінде бақыладыңдар.

Ендеше теледидарға көңіл аударайықшы

.Балалар не көріп тұрсыңдар?

Ит үй жануары, жеті қазынаның бірі.

Үй иесі қыдырып кеткенде ит үйді күзетіп қалады,және уй жануарларын бағуға да уй иесіне көмектеседі екен.

Ит қалай дыбыстайды?

Оның құлағы нешеу,аяқтары ше?

Балалар ит адамның досы,оны жәбірлеп ұруға болмайды.

Иттің баласын «күшік» деп атаймыз,Көбіне иттер немен ойнағанды ұнатады?

Ол не жегенді ұнатады?

итті немесе күшікті тамақтандырған соң,ойнатып болған соң қолымызды жуып отыруымыз керек.Қолымызды жумайтын болсақ түрлі ауыруларды жұқтырып алуымыз мүмкін.

Ит үйде тұра ма,әлде аулада ма?

Ит-орыс тілінде собака

Ал тобымызда қандай жануарды бақыладық?

Балалар мысық та адамның досы.Иесіне әбден бауыр басқан мысық оның ауырып тұрған жерін тауып сол ауырған жерге жайғасып бар жылуын беріп пырылдаған күйде ұйықтайды екен.

Мысықтың баласын біз «мысықай» деп атаймыз.

Балалар, мысық қайда тұрады?

Ол немен ойнағанды ұнатады?

Ал мынау пырылдап ұйықтап жатқан аппақ мысыққа да ат қояйықшы.

Біледі:*Үй жануарлары күшік пен мысық туралы біледі*

Меңгереді:*Берілген тапсырма бойынша жапсыруды меңгереді*

Жасай алады:*ойын арқылы жануарлардың қимылын жасауды үйренеді.*

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Қауіпсіз жол

Көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.

Оқу қызметінің барысы:Жолда жүру ережелерін орындауға, дамытушы

ойындар арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.Қолданылатын көрнекі

құралдар: бағдаршам, аудио дыбыстар, венн диаграмма, жол белгілері, жол

қауіпсіздігі туралы суреттер, теледидардан слайд арқылы суреттер

көрсету, мультфильм, жол макеті, әуендер. Инклюзивтік әлеумет: Тілді жетік түсінбейтін бала аңғарымдылығын арттыру, ұялшақ балаға көмек беру.

Тәрбиеші:

Балалар, біз бүгін сендермен «Қоршаған ортамен таныстыру» оқу іс-әрекетінде көше қауіпсіздігі жайында айтамыз.

Айтыңдаршы, балалар!

Жол қозғалыс ережелерінің мақсаты не?

-Бізді қауіптен қорғау.

Слайд: «Сақта жолдың тәртібін» (жәй әуеннің дауысы естіліп тұрады).

Тәрбиеші:

Көшеге шыққаннан кейін, айналамызға абайлап, қарап жүрмесек

болмайды. Себебі бағдаршамға бағынып

жүру тәртібін қатаң сақтаған адам өз өмірінің қауіпсіздігін де қамтамасыз ете алады.

Сұрақ- жауап алу.

Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма? Балалардың жауаптары.

-Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма?

Ой толғаныс: **«Венн диаграмма»**

Ортақ қасиетін салыстыру. Ескерту, тыйым салу, меңзеу (нұсқау) белгілерін орындарына атап қояды.

Балалар белгілерді дұрыс қойып, қызыға ойнады..

Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ қою арқылы балалардың меңгергендігін қорытындылау.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бағдаршамның атқаратын қызметін білді;

Игереді: бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдысын игерді;

Меңгереді: жолда жүру ережелерін меңгерді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы : Найзағай

Мақсаты:

Жыл мезгілінің қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

Балаларға аспанда күннің көзі барма екенін қарауды ұсыну.

- Бұлттар күннің көзін не істеді? (Жапты)
- Аспан қандай? (Бұлтты)

- Ауа-райы ше? (Бұлыңғыр)

Кең аспанды бұлт қаптап,

Күз келгенін сездірер

Жаздай жүрген тұрақтап

Көкекті де бездірер

Балалардың назарын ағаш басына аудару. Ағаштардың шайқалып қозғалады. Себебі: оларды жел тербейді.

Еңбек әрекеті:

Ауладағы құмды суару.

Мақсаты:

- Ауладағы тазалық пен тәртіпті сақтауға дағдыландыру.
- Құрғақ құмнан, ылғалды құмның пайдасы бар екендігін ұғындырып, одан бауырсақ жасауға болатындығын үйретіп бекіту.

Қимыл-қозғалыс ойындары:

«Автомобиль мен торғайлар»

Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ қою арқылы балалардың меңгергендігін қорытындылау.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бағдаршамның атқаратын қызметін білді;

Игереді: бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдысын игерді;

Меңгереді: жолда жүру ережелерін меңгерді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Дымбілмес балаларда қонақта

Мақсаты: Балалардың жыл бойы алған білімдерін пысықтап қорыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын бекіту. Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. Дыбыстарды, сөзді анық, дұрыс айтуды меңгерту. Дыбыстарды, сөзді анық, дұрыс айтуды меңгерту. Тапсырмаларды түсініп өз беттерінше орындай білуге тәрбиелеу.

Оқу қызметінің барысы:

Біз қазақтың баласы,

Сәлем сөздің анасы.

Алдымыздан кезіккен,

Көп танысты көреміз.

Бәріне де ізетпен,

Иіліп сәлем береміз.

Есіктен Дымбілмес келеді.

Дымбілмес: Менің мектепке барғым келеді, бірақ мектепке дайын емеспін.

Балалар маған көмектесесіздер ме?

Тәрбиеші: Балалар Дымбілмеске көмектесеміз бе?

Балалар: Ия, көмектесеміз.

Тәрбиеші: Ендеше мына сиқырлы кітапшада тапсырмалар бар. Тапсырманы Дымбілмеспен бірге орындайық.

Д/О: «Бұл қай ертегі?» Ертегілерден суретті үзінділер слайд арқылы экраннан көрсетеді. Балалар қай ертегі екенін тауып айтады. (Қарлығаштың құйрығы неге айыр?. Түлкі мен тырна. Жеті лақ. Мақта қызбен мысық. Ұйшік.

Д/О: «Кім қандай жаңылтпаш біледі?»

Д/О: «Ретімен орналастыр»

I. Жансүгіровтың «Малта» әңгімесін сурет бойынша ретімен тақтаға әңгімені айта отырып орналастырады.

Д/О: «Мына суреттегі заттар қандай әріптерге ұқсайды?»

Слайд арқылы көрсету.

Саусақ жаттығуы: «Күн мен гүл»

Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ қою арқылы балалардың меңгергендігін қорытындылау.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бағдаршамның атқаратын қызметін білді;

Игереді: бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдысын игерді;

Меңгереді: жолда жүру ережелерін меңгерді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы:Тұрмыстық заттар бізге дос па әлде жау ма?

Мақсаты: «Дос», «достық» құндылығы туралы түсінік беру.

Дамытушылығы: Достарға деген мейірімді қарым - қатынасқа үйрету.

Тәрбиелігі: Адал дос, достаса білуге тәрбиелеу..

Әдіс - тәсілі: көрсету, әңгімелеу, дәйексөз, сұрақ - жауап, дәптермен жұмыс, қорытындылау.

Көрнекі құралдар: тақырыпқа сай суреттер, дәптер, хрестоматия, жүрекшелер.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме балалар? Амансыңдар ма достарым!

Мен сендерді шаттық шеңберіне шақырамын. Шеңбер арқылы сәлемдесеміз.

Балалар: Сәлеметсіз бе.

Балалар: Сәлеметсіз бе Сәуле? Мен сенің досыңмын.

Сәлеметсіз ба Жарас? Мен сенімен достасқым келеді.

Әңгімелесу

Тәрбиеші: Балалар біз «Өзін - өзі тану әлемінің» картасындағы екінші аялдамаға назар аударайық. Суреттен не көріп тұрмыз. Бұл аялдамадағы суретке әңгіме құрастырады.

Балалар: Бұл суреттен бір - біріне қамқор, тату, адал достарды көріп тұрмыз.

Біз осы «Өзін - өзі тану әлемінің», « достық» аялдмасының дос, достық туралы біліп, бір - бірімізбен достасуды үйренеміз.

Тәрбиеші: Сендер достық дегенді қалай түсінесіңдер?

Балалар: Достар бір - бірін жақсы түсінеді, бірге жүргенді ұнатады. Балабақшада бір – бірімізбен доспыз.

Әңгімелеу

В. Осееваның «Үш жолдас» әңгімесі

Тәрбиеші: Қалай ойлайсыңдар, асын жоғалтқан баланың достарының қайсысын шын, нағыз дос деп айта аламыз?

Балалар: Үшінші бала нағыз жанашыр дос екенін көрсете білді.

Тәрбиеші: Сендер олардың орнында болсаң не істер едіңдер.?

Балалар: Мен досыма қолымдағы асымды берер едім.

Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ қою арқылы балалардың меңгергендігін қорытындылау.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бағдаршамның атқаратын қызметін білді;

Игереді: бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдысын игерді;

Меңгереді: жолда жүру ережелерін меңгерді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы:Жол белгілері әлемінде

Мақсаты: Балаларды жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру, жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру.Іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру,жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер: жол белгілері,Маи қызметкері және бағдаршам , ойыншық машина ,велосипед.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші:-Балалар бүгінгі күніміз өзгеше өтеді. Біз бүгін «Жол белгілер еліне »саяхатқа барамыз,ол жерден көп нәрсені көзбен көріп , жақсы әсер аламыз деп ойлаймын.балалар , жол сапар барысында көп жол қиылыстары кездеседі,жол ережесін мұқият сақтауымыз керек.

Маи инспекторы мен қоян келеді.

Маи инспекторы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! (балалар амандасады)

- Балалар жолға қарап тұрсам , велосипед тепкен қоянды көрдім. Жолдан дұрыс өтпей барлық ережелерді бұзып , машина қағып кете жаздады. Қоянды тоқтатып , қайда барасың деп сұрасам «Тоғжан» балабақшасына балаларға барамын деп өтінген соң , сендерге алып кедім.
- Балалар сендер жол ережесін білесіңдер ме?

Балалар жауабы: - Ия , білеміз.

Маи инспекторы: -Ендеше қоянға үйретіндерші , ал қоян жол ережесін үйренбей мен саған велосипедінді бермеймін.

Тәрбиеші: - Қоян , сен ренжіме біздің балалар саған жол ережесін айтып түсіндіреді, сен жол ережесін үйреніп , велосипедінді қайтарып аласың.

Тәрбиеші: «Бағдаршам ойыны»

Ойынның шарты: Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда , балалар түп- түзу тұрады. Сары көзі жанғанда қол шапалақтайды. Жасыл көзі жанғанда билейді.

Тәрбиеші: -Қоян , балалардың айтқандарын есіңе сақтадың ба, бұл ережелерді біліп, есіңе сақтап жүрсең ешқандай қауіптен қорықпайсың.

Қоян: -Рахмет , балалар сендер айтқан ережелерінді есте сақтаймын!

Маи инспекторы: -Жарайды қоян велосипедінді ала ғой ,енді жол ережесін бұзба!

Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ қою арқылы балалардың меңгергендігін қорытындылау.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бағдаршамның атқаратын қызметін білді;

Игереді: бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдысын игерді;

Меңгереді: жолда жүру ережелерін меңгерді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Жәндіктер

Мақсаты: Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, жәндіктерді қорғап, оларға қамқор болуға баулу. Жәндіктер түрлерімен таныстыру, олардың пайдасы туралы мәлімет беру. Жәндіктердің тіршілігі, оларды сипаттай білуге үйрету, олар туралы тақпақтар шешуге деген қызығушылықтарын арттыру.

Оқу қызметінің барысы:

Дәлелді түрткі болатын

Шаттық шеңбері

Армысың, Алтын күн!

Армысың, Жер Ана!

Армысың, достарым!

Сендерді көрсем қуанам.

Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Дұрыс, көктем мезгілі. Көктемде балалар, айнала құлпыра түседі, құстар ән салады, ағаштар гүлдейді, табиғат оянып, гүлдер өседі. Күн жылынып, адамдар жеңіл киімдет киеді.
- Ал шөптің арасында нелер пайда болады?
- Мынау не?

Слайд көрсету.

- Гүлдерге нелер қонады?

Ал олардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?

Жәндіктердің суретін көрсету, жеке - жеке айтқызу. Билингвальді сыңарын айтқызу: көбелек - бабочка, ара - пчела, шыбын - муха, инелік - стрекоза, қанқызы - божья коровка, қоңыз - жук, құмырсқа - муравей, құрт - гусеница, ұлу - улитка - өрмекші - паук.

Слайд көрсету, түсінік беру. Жұмбақтар жасыру:

Ұйымдастырушы - іздестіруші

Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ қою арқылы балалардың меңгергендігін қорытындылау.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бағдаршамның атқаратын қызметін білді;

Игереді: бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдысын игерді;

Меңгереді: жолда жүру ережелерін меңгерді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Жол белгілері сөйлейді

Мақсаты: балаларды жолда жүру ережесімен және бағдаршамның қызметімен таныстыру. Жол белгілерін айыра білу дағдысын қалыптастыру, көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Балаларды мейірімділікке, зейінді болуға, өзін - өзі қорғай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Жол макеті, жол белгілері, бағдаршам үлгісі, жаяу жүргіншілер жолы, ойыншық машиналар.

Оқу қызметінің барысы:

Әрбір адам жаяу жүргіншілер, көлікпен немесе велосипедпен күніне жолды кем дегенде екі рет кесіп өтеді екен. Біз жол қозғалысымен күнде қатынасып отырамыз. Сондықтанда біз жолда жүру ережесін - жүру белгілерін айыра біліп, бағдаршамның қызметін білуіміз керек.

Балалар егер өз өмірлерінді, денсаулықтарыңды сақтағыларың келсе, Әрқашанда жолда жүру ережесіне сақ болыңдар.

Тәрбиеші: Жаяу жүргіншілер тек тротуарлармен жолдың оң қол қанатымен ғана

жүруі қажет. Ендеше экранға назар аударайықшы. (көрініс)

Тратуар жүрер жолы жаяудың

Желаяқтың жайбасардың баяудың

Машинаның жолы көше ортасы

Соны ұмытып кете көрме аяулым.

Тәрбиеші: Балалар біз үнемі тротуардан шықпай жүреміз бе?

Жолдардан қалай өтеміз? Ол үшін біз ертегілер еліне барайық.

Көзімізді жұмып, ертегілер елін елестетейік.

(Музыка әуенімен) Ертекті:

Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ қою арқылы балалардың меңгергендігін қорытындылау.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бағдаршамның атқаратын қызметін білді;

Игереді: бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдысын игерді;

Меңгереді: жолда жүру ережелерін меңгерді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Жеуге жарамды, жарамсыз

Мақсаты: Қоршаған табиғаттың сұлулығына, байлығына тамсану, қызығу, оған мейірімділікпен қарауға, сақтауға, қорғауға тәрбиелеу. Саңырауқұлақтардың айырмашылығын білуге үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

1) Шаттық шеңбері:

Сары, ақпыз, қарамыз.

Бәрімізде баламыз.

Бір ауылда тұрамыз,

Бір бақшаға барамыз.

Ақ қара деп бөлмейміз.

Бір жыл туған төлдейміз.

Туысқанбыз, татумыз,

Биіктерге өрлейміз.

Күн суытады, жапырақтар сарғаяды, құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

Шыбынжұт саңырауқұлағын жеуге болмайды.

Өткені ол улы. одан шыбындар да қорқады, шыбынжұт саңырауқұлағына шыбындар қонса болды өліп қалады.

Ал Ақ саңырауқұлақ қылқан жапырақты, қалпақшасының үстіңгі бөлігі ашық қоңыр түсті болып келеді, сабағы ашық сары түсті болып келеді. Жеуге жарамды, өте бағалы саңырауқұлақ.

Жидектерді көрсетіп түсіндіріп өтемін.

Қазір орманға барғанда тек жеуге жарамды саңырауқұлақты және жидектерді жинаймыз. Жарайды ма балалар!

«Кім дұрыс жинайды?» дидактикалық ойыны.

Екі себетке екеуіне балалар жарамды саңырауқұлақ жинайды.

Білу керек: Қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай білу, саңырауқұлақтар мен жидектер туралы білу.

Болу керек: Сұрақтарға жауап береді, сөздерді таза екі тілде қайталайды.

Істей білу керек: Ұжымдық жұмыс дағдылары қалыптасқан, бірлесе іс-әрекет жасай біледі..

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Егер де көше қиылысында бағдаршам болмаса....

Мақсаты: Балаларды жол ережелерімен таныстыру. Бағдаршам арқылы үш түрлі түсті ажыратып, жолға шыққанда өздерін қалай ұстау керектігін үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

Іздену, ұйымдастырушы Балалар бүгін бізде ерекше күн. Біз кәзір орманға саяхатқа барамыз. Жол қашық сондықтан, көлікпен баруымыз керек. Мен жұмбақ айтам, соның шешуін тапсаңдар, біз сол көлікпен саяхатқа шығамыз.

Бұл тұлпар су ішпейді. жем жемейді,

Ескеріп ешбір адам емдемейді,

Жүк емес жануарға жүз адам да,

Киіп ап төрт дөңгелек дөңгелейді.

Енді жол ережелерін есімізге түсірейік. Өйткені, жолда түрлі жол белгілері кездеседі. (кеуделеріне белгі ілген 5 бала ортаға шығады: бағдаршам, ескерту, тыйым, анықтама,

көрсеткіш белгілері)

Ал балалар, қане автобуска жайғасайық. Ал қозғалдық.

Сәт сапар! Біз қазір қаланың көшесімен келе жатырмыз. Көше қиылыста
рында бағдаршам
болады. Бағдаршамның қай түсі жанған да біздің автобусымыз тұру керек?

- Дұрыс айтасыңдар.

Көрініс.

Көше қиылысында машиналар зуылдап өтіп жатыр. Жолаушылар бағдаршамға қарап,
тосып тұр. Дәл осы кезде жедел жәрдем машинасының сиренасы Ендеше
«Жануарлар» деген ескерту белгісі тұрса, біз орманға да келіп қалған болдық қой.

Көліктен түсіп ары қарай жүрейік.

- Өне қараңдар Аю мен Қонжық кетіп жатыр.

Көрініс «Аю мен Қонжық»

Аю: Көшеден өтер де әуелі сол жаққа, содан соң оң жағына қарау керек.

Әйтпесе, машина басып кетеді.

Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ қою арқылы балалардың меңгергендігін қорытындылау.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бағдаршамның атқаратын қызметін білді;

Игереді: бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдысын игерді;

Меңгереді: жолда жүру ережелерін меңгерді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Электро заттар

Мақсаты: Тұрмыста кеңінен қолданылатын электротехникалық заттармен
тоңазытқыш, шаңсорғышпен таныстыру. Заттарға ұқыпты қарау дағдыларын
қалыптастыру, адамдар еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбері. Балалар мен сендерді әдеттегідей жылулық шеңберіне шақырамын.
Балалар шаттық шеңберіне тұрып, қимылдар жасай отырып өлең жолдарын айтады..

Қонаққа ойыншық қонжық пен қоян таласып келеді. Балалармен амандасады, не үшін
келгендерін айтады. Қонжық: Кеше қоян досымды дүкеннен үйге қажетті заттарды
алып кел десем, мына заттарды алып келіпті, не екенін өзі де білмейді. Қоян: Мен
білетінмін, бірақ ұмытып қалыппын. Мүмкін сендер көмектесіп жіберерсіңдер,-деп
алып келген заттарын көрсетеді.

Шаңсорғыш, тоңазытқыш деген не?

Педагог толықтай түсіндіреді.

Педагог балаларды екі орталыққа бөледі. Бірінші орталыққа бөлінген электротехникалық заттардың суретін түсіне, көлеміне қарай құрастыруды, Рефлексивті- коррекциялау- шы

Педагог балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл-күйлерін, немен айналысқанын, не үйренгендерін сұрайды.

«Менің үйімдегі заттар» ойыны: Ойын шарты бойынша педагог сиқырлы таяқшаны бір балаға береді. Таяқшаны алған бала үйіндегі тұрмысқа қажетті тұрмыстық заттарды, оның қызметі мен қажеттілігі туралы айту керек. Егер бала жауап беруге қиналса, педагог келесі баладан сұрайды.

Көңіл-күйлерін таңбалармен белгілейді. Қойылған сұрақтарға жауап беріп, пікірлерімен бөліседі.

Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ қою арқылы балалардың меңгергендігін қорытындылау.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бағдаршамның атқаратын қызметін білді;

Игереді: бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдысын игерді;

Меңгереді: жолда жүру ережелерін меңгерді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Бәрін білгім келеді

Мақсаты: Балалардың алған білімдерін қорытындылау, одан әрі толықтыру.

Балаларды шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа талпындыру.

Көрнекіліктер: интерактивті тақта, суреттер, т. б.

Әдіс - тәсілдер: Көркем сөз, сұрақ - жауап, жұмбақтар, жаңылтпаш.

Оқу қызметінің барысы:

1. Құрметті апайлар, балалар бүгінгі мектепалды даярлық топтар арасында өткелі тұрған «Бәрін білгім келеді» атты сайысты тамашалайсыздар, яғни бұл сайыста балалардың барлық сабақ бойынша алған білімдері қаралады.

Ал, қанекей ағайын!

Жырдан шашу шашайын.

Басы болсын бұл тойдың,

Шырқап әнге салайын.

Ендеше «Атамекен» әнін қабыл алыңыздар.

Ал, енді сайыстың шартымен таныс болайық. Жалпы сайыс 10 бөлімнен тұрады, ендеше сайыскерлерімізге сәттілік тілейміз.

Сәлем сөздің анасы.

Балалар топтың атын және ұранын таныстырады.

1. Көркем сөз көңіл – тілі

Бұл бөлімде көркем әдебиет сабағы бойынша тапсырмалар беріледі.

Өлеңге әркімнің ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.

Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ қою арқылы балалардың меңгергендігін қорытындылау.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бағдаршамның атқаратын қызметін білді;

Игереді: бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдысын игерді;

Меңгереді: жолда жүру ережелерін меңгерді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер: